АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ҚОБДА АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ

АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ

АППАРАТ АКИМА КОБДИНСКОГО РАЙОНА

БҰЙРЫҚ

2026 г 20.03 № 62

Қобда ауылы

ПРИКАЗ

№ _____

село Кобда

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден өткізу тәсілімен жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы қаржы министрінің 2024 жылғы 09 қазандағы № 648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Қобда ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің 2026 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың бекітілген жылдық жоспарына, Қобда ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 04 наурызындағы №40 қаулысына сәйкес және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бап 3 тармақ 3 тармақшасының (егер дағдарыстық ахуалдарды, төтенше ахуалдардың немесе төтенше жағдайлардың салдарларын болғызбау, оқшаулау және (немесе) жою; Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет немесе жаңадан анықталған, жануарлардың аса қауіпті, экзотикалық ауруларын, карантинді объектілерді, бөтен текті түрлерді оқшаулау және (немесе) жою; жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша карантинді аймақтарда және қолайсыз пункттерде, карантинді объектілердің таралу ошақтарында іс-шаралар, шұғыл фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу; электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникация жүйелеріндегі, теміржол, әуе, автомобиль, су көлігі объектілеріндегі, тазарту құрылысжайларындағы, мұнай құбыржолдарындағы, газ құбыржолдарындағы технологиялық бұзылуларды жою, жедел медициналық араласу үшін, сондай-ақ коммуникациялардың, механизмдердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың жұру жолында дереу қалпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы туындаған кезде қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу) қолданылуына сәйкес, «Ақтөбе облысы Қобда ауданында су тасқынынан алдын алу бойынша авариялық-құтқару қызметтерін ыстық тамақпен қамттамасыз ету қызметі» үшін БСН 990440010213 “Кобда” ЖШС-мен 2026 жыл наурыз айының ішінде тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен келісім шарт жасау үшін қызмет енгізілсін.

2. Қобда ауданы әкімінің аппаратының бас маманы А.Туребаевқа мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына көрсетілген қызмет енгізіп, қосымшада көрсетуді тапсырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Н.Айжарыков

001103